

егемен

Акбатыр

Казақтың бел баласы

Халқымыз ғасырлар бойы аңсап, бертін тіпті қол түгіл көніл де, көз де жетпейтін қиялға айналдырып, іштен тынып қойған – Тәуелсіз ел болу мұратына қол жеткізген, соның рахаты мен шапағатын көру маңдайына жазылған, қазақтың ұлан-байтақ тарихындағы ең бақытты ұрпақ біз болдық. Арғы-бергі тарихта бұл арманды аңсаған, соның жолында жан алсызып, жан беріскең, жалындай жас өмірін аяусыз құрбан еткен талай ерлер өтті. Бірақ олардың ісі еш нәтижеге қол жеткізе алмады, тек халықтың есінде аңсары мен армандары ғана қалып қойды. Қазіргі женіс те оңай келген жоқ. Дүниедегінің бәрі егіз болатыны сияқты тәуелсіздік рахатының да өзіне тән ұлken бейнеті болды. Онымен ашық жолмен арпалысып, бар еңбегі халықтың көз алдында болған Ерлер болуымен бірге, олардың жолын түзеп, қысығын күзеп, жөнін ізделп көрінбейтін бейнеттің бәрін үнсіз атқарып жүретін Азаматтар да аз болған жоқ. Адамның да, ғаламның да ағзасын бел ұстайды. Бас болып көрінбесе де, аяқ болып шалынбаса да ағзаның тұруын, жүруін қамтамасыз ететін сол. Ғаламның қайнаған тіршілігін үнсіз басқарып тұратын тартылыс қүші болса, адам тірлігінің бәрін үнсіз жайғап, орнына келтіріп, ұстап тұратын – бел. Ұлттың да бел баласы болады. Ондай атаққа санаулылардың санаулысы ғана лайықты. Қазақтың бел баласы атануға лайық сондай ерлердің бірі, бірі ғана емес, бірегейі – бүгін біз әңгіме еткелі отырған Сабыр Қасымов. Оның жасаған ісін, ұлттына сінірген еңбегін көп адам біле бермейді. Өйткені, ол үнсіз жүріп, үйдей істерді жалғыз атқарып тастай береді және бұл туралы біреуге тіс жарып білдіріп, баспасөзге хабарлап, дабырлатып, даңғырлатып жатпайды. Тіпті, сұраған адамның өзіне айтуға аузы ауыр. Тайганың арасын солтүстіктің халқы «Іш» деп атайды. Осы «Іш» қызыл қырғынның қыспағынан талай адамға қорған болды. Құғын-сүргінге ұшыраған байлар, билер, молдалар ата қонысты тастап, осында қашуға мәжбүр болды. Алғашында қалың ағаштың ортасына өзге жүрттан оқшаулана қоныстанған қазактар кейін, заман тынышталған шақта балаларын қытудың қамымен орыс селендеріне көшіп барды немесе соларға таяу отыратын. Сабырдың атасы Қасымның отбасы да Солтүстік Қазақстандағы ата қонысынан қызыл қырғынның көрінен қашуға мәжбүр болып, Түмен облысының Сладков ауданындағы Менжинский кеңшарының бөлімшесінде тұрады. Ол кезде балаларымыз ана тілін білмей қалар деген уайым жоқ, керісінше тезірек орысша үйренсе екен деген ұмтылыс бар. Күйбен өмірдің күйсіз тірлігінде туған сол мақсаттың зияны да артынан залалын тигізбей қалған жоқ. Тайгада туып, сонда өскен талай қазақ артынан ресейлік болып кетті, қайда тұрсам да мейлі, тек жақсы өмір сүрсем болды деген жат пиғылды әбден бойға сінірген олар тұрмыстың тәттілігіне мәз болып, туған жерге келуді ойға да алмайды. Ал бірақ тексті атаның балалары ондай пиғылды бойына дарытпады. Олар қазақтың «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген ұлы қағидатын ойынан шығарған емес. Оның үстіне жеті ағайынды Сабыр ақылды да, айбарлы әже – Магрипаның бауырында өскен. Қиядағыны қалт жібермейтін ақылды ана балаларының орыстанып кетпеуін

катты қадағалаған. Туған жердің ыстығын, оған деген сағыныш пен махаббатты әз ана немерелерінің бойына сіңіре берген. Бір жерден Лениннің суретін көрсе, «сүттей ұйыған шаңырағымызды ортасына түсірген осы оңбаған» дейді еken. Мектептен оны «ұлы адам» деп қана біletіn балалар әженің сөзіне іштерінен таң қалады және ойға қалады. Лениннен басқа да жол барын, жұрттың бәрі мақтаса да оның ежелден әділетсіз болғанын сезімтал сәби жүректер қағып алады. Қазақтың, әсіресе өз отбасыларының басына түскен «Ленин жолынан» туындаған қыындық, аштық, қуғын-сүргін – осының бәрі ойлы баланың санасына әсер етпей қоймаған. Оның үстіне сыныпта жалғыз қазақ болғандығы, басқалардың өзін болмаса да ұлтын, ыңғайы келіп жатса кемсітуге тырысулары да отты баланың намысын оята түскен.

Осындай әсерлер бала Сабырды туған жерге қарай магниттей тарта береді. Саналы жас өзінің туған еліне барып тұруы қажеттігін, қолдан келген пайдасын соған жасауы керектігін бала кезінен жүргегіне түйеді. Мектепті беске аяқтаған ол өзіне ресейлік жоо-лардың кез келгенінің есігі айқара ашылатынын білсе де, қазақтың астанасы Алматыны ешкімге айыrbастамай, туған жерге оралған. Мұнда ол ҚазМУ-дің зан факультетіне түседі. Оқуды жақсы бітірсе де Алматыда қызметке қалу ол кезде де оңай шаруа болмайтын, сондықтан Сабыр студент болып жүргенде тәжірибеден өткен қалалық прокуратураның есігін қағуға мәжбүр болады. Алғыр жастың алымды еkenін андал қалған қала прокурорының бірінші орынбасары Сергей Бакуев оны өздеріне қызметке алдырады. Мұнан кейін Сабыр Қасымов судья, одан партияның обком, сосын Орталық комитетке қызметке алынады. Сүйеушісі де, сүйенері де жоқ, Ресейден келген жас жігіттің Алматыда үлкен қызметтерге көтерілуі – тек өзінің еңбегі мен қайраты, әділдігі, құдай берген дарыны, қала берді қандай істі болса да аяғына дейін жеткізе алатын табандылығы еkenі даусыз. Соңғы қызметінде жүргенде ол Мәскеудегі партия Орталық комитетінің жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясына түсіп, Мәскеудегі әлемге белгілі талай адамдармен араласып, демократиялық құндылықтардың халықаралық стандарты туралы нақты білім, тәжірибе алды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан және сол кезде билік пен арнаулы қызметтің арандатушылық әрекеттерін, көтерілісшілерге қарсы кең көлемде репрессиялық шаралар ұйымдастырғанын жақсы білген ол дипломдық жұмысына «КСРО-дағы ұлттық қатынастардың саяси-құқықтық проблемалары» деген тақырып алады. Айналасы жыл жарым уақытта (1986-1988 жж) ол Академияның қорындағы бөтен адам қол жеткізе алмайтын құпия материалдарды пайдалана отырып, Қазақстанның өмірінен алынған фактілер мен сандардың негізінде 840 беттік монография жазып шығады. Онда одақтас республикаларда ұлттық саясаттың лениндік принциптері өрескел бұзылатындығы, аз санды халықтардың рухани мұddeлелері мен құқылары аяққа тапталатындығын дәлелдеген еді. Тақырып кандидаттық диссертацияға жіберілетін болып бекітіледі. Бірақ еңбекті қорғау кезінде бүкіл Академияны басына көтерген шу болады. Бастарына ұлыорыстық шовинистік саясаттың ұстанымы сіңіп қалған КСРО ҒА корреспондент-мүшесі Д.Керимов (орыстанған әзербайжан) бастаған топ қазақ

зерттеушісінің енбегін КОКП саясатына қарсы бағытталған ұлтшылдық деп жазғырады. «Міне, «Желтоқсан оқиғасының» төркіні қайда жатыр» деп олар Сәкендей жерден алып жерге салады. Мұндай адамды партия қатарында қалдыруға болмайды деген де сөздер шығады. Бірақ ол кезде заман басқа еді, оқытушылар арасынан белгілі ғалымдар Г.Мальцев, Т.Шамбо (академия партия ұйымының хатшысы), РФ Федерация Кеңесі Төрағасының қазіргі бірінші орынбасары А.Торшин және т.б. Сәкендей қорғап шығады. Алайда диссертация 120 бетке дейін қысқартылып, кандидаттықты қорғатпайды. Академиядан қайтқан соң С.Қасымов қайтадан ОК жұмысына кіріседі. Бірақ «аққа құдай жақ» деген емес пе, 1990 жылы одақтық республикадардың егеменді құқылары бұзылатындығы және жаңа одақтық келісімшартқа қол қою қажеттігі туралы әңгімелер көтіріліп жатқанда КОКП ОК өзінің Академиясынан осы бағыттағы зерттеулерді сұрайды. Жөппелдемеде ондай зерттеулер жоқ болып шығады, сонда Академия басшылығы осыдан екі жыл бұрын шу туғызған қазақ зерттеушісін еске алады. Содан, С.Қасымовты Мәскеуге дереу шақыртып алып, кандидаттық диссертациясын қорғаудына өздері жол ашып береді. Сәкен оралмандардың проблемаларымен де қатты айналысқан азаматтардың бірегейі. Сонау, 1989-90 жылдардан бастап ол осы мәселені жан-жакты зерттеп, ерекше бағдарлама қабылдауды, оны іске асыратын тетіктерді әзірлең, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы

Конституциясына, жаңа зандарына оралмандар мүддесін қолдайтын саяси-құқықтық нормалар енгіздірген адам. Оларға «саяси құғындалған» деген мәртебе беруді де алғашқы болып қолға алды. Бұл мәртебе оларды елге қайтаруда халықаралық норма бойынша ұлken жеңілдік беретін еді. Жалпы оралмандар ісіне Сәкен ішкен асын жерге қойып араласқан адам. Соның бірін ғана айта кетелік. Президенттің Мәжілістегі өкілі болып жүрген кезінде ол депутаттарды ұйымдастырып, ҚХР-дан келіп, оқуға түсе алмай қалған 1 мыңдай жас үшін Алматы қыздар институтынан бір жылдық дайындық курсын ашуға Парламент арқылы бюджеттен қаражат бөлдіргені де бар.

Мұндай іс әркімнің қолынан келмейді. Сабыр Қасымовтың есімін республика халқына жақсы танытқан – Желтоқсан көтерілісі. Ол қазақ зиялты қауымының санаулы өкілдері қатарында осы оқиғаға белсене араласып, қазақ мүддесін қорғау жолында батыл істер жасаған. Ол туралы енді тереңірек айтЫп беруге тұра келеді. Желтоқсан оқиғалары кезінде ұлттық кемесітүге қарсы жастар көшеге шығып, өздерінің ішке сыймаған қарсылықтарын білдіріп жатқанда Сабыр Алматыда болған. Осы жерде Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» кітабына енген Кәкімбек Наржанұлының естелігін келтірелік: «Мен оған жастардың көтеріліп жатқанын айтқанымда Сабыр: «Қол қусырып қарап отыруға болмайды. Көтерілістің саяси маңызын жеткізу үшін листовка, плакат керек. Әйтпесе, жай бұзақылар атанып қала береміз», деді. Өз ісіміздің аса қауіпті екенін біле тұра біз жұмысқа кірістік. Орысша, қазақша мәтіндер әзірледік. Оны қағазға түрлі-түсті бояумен жазуға Тұрсын да (Сабырдың зайыбы) көмектесті». Желтоқсандықтардың ұрандарына саяси ренқ берген талаптардың көбі осылай туган еді. Соңсaн осы ұрандарды Сабыр көтерілішшілердің қолдарына апарып беріп отырған. Осы және басқа

да әрекеттері оның басын бұғып қалмай, үлкен тәуекелге барып, желтоқсан көтерілісіне белсене қатысқаның көрсетеді. Бірақ өзі үл туралы айта қоймайды. Ал осы Желтоқсан оқиғасына саяси, занұлық тұрғыдан баға беру ісіне ол белсене қатысқан. Үл оқиға 1989 жылы болған еді. Ол кезде С.Қасымов Қоғамдық ғылымдар академиясын аяқтап, Қазақстан КП Орталық комитетінде дәмелі қызметтердің бірінде істеп жүретін. КСРО халық депутаттарының алғашқы съезінде орталықтың үлттық республикаларда жасаған озбұрлықтары туралы қатты айтылып, оған баға беру туралы мәселелер өткір қойылып жатты. Соның ішінде 1989 жылғы сәуірде болған Тбилиси оқиғасы ауыздан түспейтін. Онда халықтың бейбіт бас көтеруін қанды қырғынға ұшыратқан саяси басшылық пен әлеуетті құрылымдар қатты сыналып, олардың ісін әділетті түрде тексеру талап етіletіn. Ал одан үш жыл бұрын болған Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы туралы жұмған ауыз ашылған жоқ. Ол кезде ОК үлттық қатынастар бөлімінде нұсқаушы болып істейтін Сабыр үл оқиғаның қанды сипатын жақсы біletіn, өйткені оларға осы оқиға кезінде жапа шеккендер көп келетіn. Сол кездің өзінде оларды біrtіндеп жұмыстарына, қызметтеріне қайта тұрғызу, комсомолға, партияға қайта алу ісі ішінара басталған-ды. Осы істің жуан ортасында да Сабыр Қасымов болды. Жазушылар одағында үл істі Тұрсын Жұртбай қостап, жандандырып жүретіn. Қазақстандық депутаттардың ауыз ашпағанына намыстанған Сабыр Қасымов оларға Алматыдан арнайы барады. «Москва» қонақүйінде депутаттармен осы мәселе бойынша сөйлеседі. Солардың арасынан Ә.Мәмбетов пен М. Шаханов қана мұны қолдап, сөйлеуге дайын екендіктерін білдіреді. Оларға нақты фактілер мен материалдар беріп, сөйлейтіn сөздерінің тезистерін де Сәкең жазып береді. «Высокий съезд!» деп басталатын М.Шахановтың әйгілі, тарихи сөзін осы Сәкең сияқты азаматтардың дайындағанын халық жақсы біledі. Эрине, М.Шахановтың ерлігін ешкім де жоққа шығара алмайды, бірақ оның орысшасы ми мен жүректің ең терендегі қалтарыстарына дейін шақ етіп тиетіn нақпа-нақ сөздерді орыс тілінде тауып айтуы қыын екені бәрімізге де белгілі. Осыдан кейін халықтың талап етуі бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде арнайы комиссия құрылды. Бірақ сонда жұмыс істейтіn білікті зангер табылмағанда да М.Шаханов ОК-ге өздеріне С.Қасымовты қосуды өтініп, біrnеше хат жазады. Егер Желтоқсан оқиғасына байланысты сол комиссиядағы жұмыстарды толық айтатын болсақ, біr мақала көтере алмайтын көлемге шығып кеткен болар едіk. Сондықтан комиссия жұмысын айтуды осымен қайырып, тек ондағы барлық лауазымды адамдарға қойылған сұрақтарды занұлық тұрғыдан дайындаған, олардан алынған барлық жауаптарды жүйелеп, біr арнаға тоғыстыруда және нәтижені занға сәйкестендіріp қорытуда, барлық қара жұмыстарды атқарған, барлық саяси бағаларды әзірлеп, лауазымды адамдардың кінәсін анықтауда зангер Сабыр Қасымовтың еңбегі ұшан-теңіz болғанын ел біletіnіn айта кетуді парыз санадық. Сабыр Қасымовтың кәсіби біліктілігі мен қайсар принципшілдігіn ескерген болуы керек, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Президент оны Конституциялық соттың судьясына ұсынып, Жоғарғы Кеңесте сайланады. Еңбекақысы

жоғары, әрі сыйлы, әрі тыныш қызметте жайбарақат отыра беруге де болады рой. Бірақ Сәкен ондай адамдардың сойынан емес еді. Осы қызметте жүргенде ол 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ісін қарauға дайындайтын судьялар тобын басқарды. Бұл топ та оның бастамасымен құрылған еді. Барлық архивтерден, соның ішінде құпия құжаттарды көтеру арқылы оннан артық заңнамалық, саяси-құқылық сараптар жасалып, жиналған құжаттар көлемі 12 том болады. Қаншама қарсыластардың тегеуірініне төтеп беріп, барлық әлеуетті органдардың лауазымды қызметкерлері жауапқа тартылады. Құжаттар жинағын 350 данаға қебейтіп, қатысуышылардың бәріне бергізеді. Бұл жерде Сәкен іс аяғына дейін жеткізілмесе де халық барлық шындықты білсін деген ойды ұстанады. Егер осы іс аяғына жеткізіліп, жария етілген болса орталықтың республикамызға жасаған бассыздықтары, сыртқа демократиялық елміз дей отырып, аузымызды ашуға рұқсат бермегендігі, жасаған озбырлықтары тегіс ашылатын еді. Халықтың көзі Кеңес Одағы ұлттық саясатының «гуманистік» сипатының қандай болғанына толық жетіп, оның колониалдық қырын әбден таныр еді. Қай күнде, кез келген істен өз пайдасын қүйттеп жүретін пысықайлардың бірі жақсы атты көрінбек болып «Қасымов кіші Нюрнберг процесін дайындал жатыр» деген шу шығарады. Одан әңгіме үрейлі дақпырттарымен жоғарыға жетіп, бұл іс тоқтатылады. 1995 жылы қабылданған жаңа Конституция бойынша Конституциялық сот жабылып, оның орнына Конституциялық Кеңес құрылады. Ал Кеңеске Сабыр Қасымов енгізілмейді. Бірнеше ай жұмыссыз отырған Сабыр Қасымовты Президент Конституцияға сәйкес өзі тағайындастын 7 адамның бірі ретінде Парламент Сенатына арнайы Жарлықпен сенатор етіп тағайындауды. Мұны Президент Н.Назарбаевтың қазақтың бел баласының білігін танып, беделін мойындағы отыра қолдау білдіргендігі деп білген жөн. Сәкен бұл жерде Қазақстанды, соның ішінде қазақтың өзінің санасын отарсыздандыруға тиісті заң жобаларын жасау жөнінде комиссия құрғызады. Патшалық Ресейден бастап, Кеңес заманындағы жүздеген құқылық құжаттардың сол заманының өз заңдарына сәйкес келмейтіндігін әшкерелеген бірнеше томдық құжаттар дайындалады. Соның негізінде «Қазақстанда азаттық пен тәуелсіздік жолында мерт болған ерлердің есімін құрметтеу», «Деколонизация», «Қазақстандағы саяси репрессия құрбандарын толық ақтау» және т.б. туралы заң жобалары дайындалады. Бірақ С.Қасымовтың сенаторлық мерзімі аяқталып қалып, бұл істер аяғына жеткізілмеді. Сол себепті бізде азаттық үшін күрескен көп ерлеріміз әуелі патша заманының, сосын Кеңес кезінің заңдарымен сотталып, әлі күнге ресми түрде ақталмай жатыр. Оларды жаппай, ресми түрде ақтауды ауызға алған Сабыр Қасымов қана болды. Бұл жастарға деколониалистік рух беру үшін де қажет еді, дейді Сәкен. Сәкен қазақтың С.Зиманов, О.Сұлейменов, Ә.Кекілбаев, М.Жолдасбеков, М.Шаханов және т.б. айтулы азаматтарымен тығыз араласып, істес, пікірлес болып келе жатқан жан. Ол Президент Н.Назарбаевты да қатты құрметтеп, Елбасының өзіне жасаған қолдауларын үнемі үлкен тәнті сезіммен еске алып отырады.

Буркітбай АЯФАН, Мемлекет тарихы институтының директоры, профессор